



Бұйрық №103

2024 жыл «29» тамыз

Ақтоғай селосы

**Мектепте 2024-2025 оқу
жылындағы оқушыларды
ыстық тамақпен қамтамасыз
ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілген азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, Қарағанды облыстық маслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы Х сессиясының №119 шешіміне, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, білім басқармасының 2024 жылғы 26 тамыздағы № 391 бұйрығы, «Ақтоғай ауданының білім бөлімі» ММ 2024 жылғы 27 тамыздағы №102 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1-4 сынып білім алушыларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмысты директордың ТЖ орынбасары Н.Айтбаева, әлеуметтік педагог Г.Азимбаева **ҰЙЫМДАСТЫРСЫН.**
2. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, үлестерінің массасын граммен көрсете отырып құрылған біртекті ас мәзірі **ҚОЛДАНЫЛСЫН.**

3. Мектептің ұйымдастырушы-педагогы А.Өмірзақова тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі

ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз **ЕТСІН.**

4. Мектепте буфеттік жүйедегі тамақтандыруды ұйымдастыру директордың ТЖ орынбасары Н.Айтбаеваға **ЖҮКТЕЛСІН.**

5. Мектеп асханаларындағы тамақтануды ұйымдастыру кезінде мектеп асханалары қызметінің тәртібіне қойылатын талаптардың қатаң сақталуын қадағалау директордың ТЖ орынбасары А.Ахметжановаға **ЖҮКТЕЛСІН.**

6. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор



К.Амралина

Таныстым:

А.Ахметжанова

Н.Айтбаева

Г.Азимбаева

А.Өмірзақова

Handwritten signatures of the listed staff members.



Қосайрме дұрас



Бұйрық №142

2024 жыл «02» қыркүйек

Ақтоғай селосы

**Бракераждық комиссия
кұру туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы X сессиясының «2024 -2026» жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 119 шешімінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы № ҚР ДСМ -76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және білім басқармасының 2024 жылғы 26 тамыздағы № 391 бұйрығы, «Ақтоғай ауданының білім бөлімі» ММ 2024 жылғы 27 тамыздағы № 102 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп оқушыларының тамақтану сапасына мониторинг жүргізу, келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасы, оны сақтау және тамақ өнімдерінің сертификаттарының болуына, тамақты дайындау мен тарату кезінде санитарлық – гигиеналық талаптарды сақтау, перспективалық ас – мәзіріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында келесі құрамда бракераждық комиссия **ҚҰРЫЛСЫН:**

- К.Амралина - комиссия төрайымы
- Ж. Айтбаева – комиссия мүшесі /Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары/
- К.Каримхан - комиссия мүшесі /Қамқоршылық кеңесінің мүшесі/
- М.Садуақасова - комиссия мүшесі /ата - ана/
- Ш.Нығыметжанова – комиссия мүшесі/ медбибі/
- Г.Азимбаева - комиссия мүшесі/ әлеуметтік педагог/
- Г. Мурасова - комиссия мүшесі/ кәсіподақ төрайымы/
- М.Сейсекеева – комиссия мүшесі /ата-ана/
- Г.Кутумова - комиссия мүшесі /ата – ана /

2. Комиссия тарапынан мектеп асханасында сапалы тамақтануды ұйымдастыруға айына екі рет бақылау жұмысы **ЖАСАЛСЫН.**
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

К.Амралина



Таныстым:

Ж. Айтбаева

К.Каримхан

М.Садуакасова

Ш.Нығметжанова

Г.Азимбаева

Г. Мурсова

М.Сейсекеева

Г.Кутумова

Handwritten signatures of the listed individuals.





Бұйрық №144

2024 жыл «02» қыркүйек

Ақтоғай селосы

**Тамақтандыруда жауапты
тұлғаны тағайындау туралы**

2024 – 2025 оқу жылы білім алушыларды тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024 – 2025 оқу жылы білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты болып директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Н.Айтбаева **ТАҒАЙЫНДАЛСЫН:**

2. ТЖ орынбасары Н.Айтбаева мектеп асханасында білім алушыларды тамақтандырудың ұйымдастырылуын үнемі **БАҚЫЛАСЫН.**

3. Мектептің медбикесі Ш.Нығыметжанова:
– білім алушылардың тамақтану сапасы мен СанЭпид талаптарына сәйкес тамақтанудың ұйымдастырылуын;
– ас блогының санитариялық жай-күйін;
– ас блогына түсетін шикі әрі дайын тағамның сапасын, оларды сақтау шарттарын, өткізу мерзімдерінің сақталуын, тағам салу және дайындау технологиясы нормаларын, дайын тағамды тарату нормаларын
БАҚЫЛАСЫН.

4. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары А.Каленов ас блогындағы технологиялық жабдықтың ақаусыз екенін үнемі **ҚАДАҒАЛАСЫН.**

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың ТЖ орынбасары А.С.Ахметжановаға **ТАПСЫРАМЫН.**

Директор

К.Амралина

Таныстым:

А.Ахметжанова

Н.Айтбаева

Ш.Нығыметжанова

А.Каленов

